

# Латын әліпбиі - жаңғыру жолында

**Елімізде қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең - кезеңмен ауыстыру жолында жұмыстар жалғасуда. Осы бағыттағы бір шара семинар түрінде көрініс тапты.**

ҚР Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың 2017 жылғы 26 қазандағы Қаулысына сәйкес, қазақ әліпбиін кириллицадан латын графикасына ауыстыру жұмыстары қарқынды жүруде. Осы мақсатта «Арқалық қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің әлеу-

меттік тапсырысы негізінде «Жастар-Азаматтық бастамалар орталығы» ҚБ -нің ұйымдастыруымен «Латын әліпбиі - жаңғыру жолында» атты семинар өтті. Шараға арнайы келген «Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы» ММ-нің бөлім басшысы К. БИМАҒАНБЕТОВ пен «Тілдарын» облыстық тілдерді оқыту орталығының әдіскері А.НҰРБЕКОВА семинарға қатысқан мемлекеттік және бюджеттік сала қызметкерлеріне жетілдірілген әліпби туралы түсіндіріп, әліпбидегі соңғы жаңалықтармен бөлісті. Сондай ақ қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

Тарихқа көз салсақ, өткен ғасырдың 1929 жылмен 1940

жылдар аралығында халқымыз латын әрпін қолданған болатын. Сол себепті, бұл бастаманы еліміз латын графикасына көшу емес, латын қарпіне қайта оралу деп жылы қабылдап, жаппай қолдаған болатын. Қазіргі уақытта жоспарға сай кезең кезеңімен латын графикасына көшу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Мекемелердің, түрлі қызмет көрсету орындарының атауы жаңа қаріппен жазылып, халық жаңалыққа көз үйретті. Мұнан әрі 2022 жылдан бастап елімізде бастауыш мектеп оқушылары латын алфавитімен сауат ашып, 2025 жылға дейін барлық іс-қағаздар, оқулықтар, мерзімді баспасөз латын әліпбиіне көшеді деп жоспарланып отыр.

